Әділет

# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялаудың 2014 жылға арналған кейбір мәселелері туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 344 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда N 3598 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2015 жылғы 13 қаңтардағы N 6/480 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 - бабының 2 - тармағына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 - бабы 2 – тармағының 18) тармақшасына сәйкес және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3 - 1/600 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9987) бұйрығын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2014 жылға арналған субсидиялардың көлемдері;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын 2014 жылға арналған өлшемдер мен талаптар.

3) осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес маралдың (бұғының) аналық мал

басымен және бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 2014 жылға арналған субсидиялардың нормативтері;

4) осы қаулының 4 қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2014 жылға арналған субсидиялардың нормативтері.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялаудың 2014 жылға арналған кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 107 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3329, 2014 жылғы 30 мамырдағы № 60 (16997) «Дидар», 2014 жылғы 31 мамырдағы № 61 (19508) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысы;

2) «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялаудың 2014 жылға арналған кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 107 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 316 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3574, 2014 жылғы 13 желтоқсандағы № 145 (17082) «Дидар», 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 145 (19592) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) қаулысы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімі* | *Д. Ахметов* |

«КЕЛІСІЛДІ»

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі* | *А. Мамытбеков* |

2014 жылғы «25» 12

| | |
|---|---|
| | Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы «24» желтоқсандағы № 344 қаулысына 1 қосымша |

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары

бойынша 2014 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

| № | Субсидиялау бағыттары | Өлшем бірліктері | 2014 жыл | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Субсидиялау нормативтері, теңге | Субсидиялаудың көлемдері | Субсидиялар сомасы, мың теңге |
| Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу | | | | |
| 1) | тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 18 000 | 61 185 | 1 101 330 |
| 2) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 15 500 | 310 000 |
| 3) | жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу | бас | 104 000 | 40 | 4 160 |
| 2. | Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу | | | | |
| 1) | отандық асыл тұқымды ірі қара мал | бас | 154 000 | 4 100 | 631 400 |
| 2) | импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан) | бас | 200 000 | 493 | 98 600 |
| 3) | импортталған асыл тұқымды селекциялық ірі қара мал | бас | 118 000 | 530 | 62 540 |
| 3. | Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату: | | | | |
| 1) | 2 деңгей | тонн | 170 | 247,1 | 42 007 |
| 2) | 3 деңгей | тонн | 100 | 4 778 | 477 800 |
| Барлық сома: | | | | | 2 727 837 |
| Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | | | | |
| 1) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | бас | 20 000 | 10 500 | 210 000 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Сүт өндірісінің құнын арзандату: | | | | |
| 1) | 1 деңгей | тонна | 2 5 | 18 600,0 | 465 000 |
| 2) | 2 деңгей | тонна | 1 5 | 15 500 | 232 500 |
| 3) | 3 деңгей | тонна | 1 0 | 13 350 | 133 500 |
| Барлық сома: | | | | | 1 041 000 |
| Етті бағыттағы құс шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Құс еті өндірісінің құнын арзандату: | | | | |
| 1) | 1 деңгей | тонна | 7 0 | 18 360 | 1 285 200 |
| 2) | 2 деңгей | тонна | 6 6 | 7 900 | 521 400 |
| 3) | 3 деңгей | тонна | 5 0 | 3 666 | 183 300 |
| Барлық сома: | | | | | 1 989 900 |
| Қой шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу | | | | |
| 1) | тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы | бас | 1 500 | 200 006 | 300 009 |
| 2. | Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу | бас | 8 000 | 24 501 | 196 008 |
| 3. | Биязы жүн өндірісінің құнын арзандату | тонна | 1 3 0 | 38,707 | 5 031,91 |
| Барлық сома: | | | | | 501 049 |
| Жылқы шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу: | бас | 40 000 | 2 200 | 88 000 |
| 2. | Қымыз өндірісінің құнын арзандату | тонна | 6 0 | 1 893,2 | 113 591 |
| Барлық сома: | | | | | 201 591 |
| Шошқа шаруашылығы | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату | тонна | 9 8 | 6 6 5 | 65 170 |
| Барлық сома: | | | | | 65 170 |
| Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы) | | | | | |
| 1. | Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу | бас | 16 228,78 (12 318,07) | 2 557 (415) | 46 609 |
| Барлық сома: | | | | | 46 609 |
| Бал ара шаруашылығы | | | | | |
| 1. | Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу | бал ара ұясы | 2 589,12 | 10 042 | 26 000 |
| Барлық сома: | | | | | 26 000 |
| Жиыны: | | | | | 6 599 156 |

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы «24» желтоқсандағы № 344 қаулысына 2 қосымша

## Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет жеткізушілерге қойылатын 2014 жылға арналған өлшемдер мен талаптар

1. Технологиялық құрал-жабдықтарға, ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауға арналған үй-жайлардың болуы.
2. Ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларын сақтауды ұйымдастыру үшін технологиялық құрал-жабдықтардың және ілеспе материалдың болуы.
3. Ұрпақ сапасы бойынша бағаланған ұрықтандырушы бұқалардың ұрық дозаларының болуы.
4. 1 ұрықтандырушыға жылдық орташа жүктелім 240 бастан кем емес.
5. Ұрықтандырушы бұқалардың ұрығына қажеттілік, 1 басқа – 2,5 доза.
6. 1 дозаның құны – 750 теңгеден артық емес.
7. 1 аналық мал басын ұрықтандыруға ұрық дозасы шығыны – 1875 теңгеден кем емес.
8. Техник-ұрықтандырушының қызметіне жұмсалатын шығындар – 1000

теңгеден кем емес.

9. Өзге шығындар (электр энергиясы, газ, су, сұйық азот, натрий цитраты, дезинфекциялық құралдар) – 125 теңгеден артық емес.

| | |
|---|---|
| | Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы " 24 " желтоқсандағы № 344 қаулысына 3 қосымша |

# Маралдың (бұғының) аналық мал басымен және бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 2014 жылға арналған субсидиялардың нормативтері

| р/с № | Атауы | Марал шаруашылығы | | Бұғы шаруашылығы | | Бал ара шаруашылығы | | 1 басқа ( теңге ) | барлығы (мың. теңге) | 1 басқа ( теңге ) | барлығы (мың. теңге) | 1 бал ара ұясына (теңге) | бар (мы тең |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | Барлық кіріс (мың теңге) | | 157 300 | | 20 100 | | | | | | |
| | | 2 | Барлық шығын ( мың теңге) | 81 825 | 210 306 | 72 000 | 29 880 | | | | | | |
| | | 3 | Шығындар: | | | | | | | | | | |
| | Еңбекақы | 18 690 | 50 370 | 22 250 | 9 234 | 11 440 | 120 028 | | | | | | |
| | Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер | 2 310 | 6 226 | 2 750 | 1 142 | 1 256 | 13 178 | | | | | | |
| | оның ішінде | | | | | | | | | | | | |
| | Әлеуметтік салық | 1 260 | 3 396 | 1 500 | 623 | 685 | 7 187 | | | | | | |
| | Әлеуметтік аударымдар | 1 050 | 2 830 | 1 250 | 519 | 571 | 5 991 | | | | | | |
| | Жемшөп ( материалдар) | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сатып алу | 43 000 | 115 885 | 35 000 | 14 525 | 4 020 | 42 178 |
| | Өзге жабдықтар сатып алу | | | | | 6 412 | 67 275 |
| | Электроэнергия | 400 | 1 078 | 400 | 166 | 660 | 6 925 |
| | ЖЖМ | 3 000 | 8 085 | 3 500 | 1 452,5 | | |
| | Көлік қызметтері | 4 500 | 12 128 | 4 500 | 1867,5 | 2 057 | 21 582 |
| | Негізгі құралдарда ағымдағы жөндеу | 2 100 | 5 660 | | | | |
| | Өзге шығыстар | 7 825 | 21 088 | 3 600 | 1 494 | 7 398 | 77 620 |
| 4 | Барлық мал басы (бас, бал ара ұясы) | 2 557 | | 415 | | 10 042 | |
| 5 | Шығындардың кірістерден артық болуы (мың теңге) | | 53 006,0 | | 9 780 | | 124 554 |
| 6 | % шығынды өтеу | | 19,7 | | 17,1 | | 7,8 |
| 7 | Жоспарланған субсидиялар | | 41 497 | | 5 112 | | 26 000 |
| 8 | 1 басқа (бал ара ұясына) арналған субсидиялар | 16 228,78 | | 12318,07 | | 2589,12 | |

Ескерту: маралдың (бұғының) жалпы аналық мал басы 2 972 бас (2 557 + 415) маралдың (бұғының) жалпы аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу бойынша субсидияның жоспарланған көлемі - 46 609 мың теңге (41 497 + 5 112) маралдың аналық мал басымен селекциялық және

асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге 1 бас үшін субсидиялардың нормативі орта есеппен 16 228,78 теңгені, бұғыларға 12 318,07 теңгені құрайды.

| | |
|---|---|
| | Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы « 24 » желтоқсандағы № 344 қаулысына 4 қосымша |

# Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге 2014 жылға арналған субсидиялар нормативтері

| Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|
| Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу | бас | 3 000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК